

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 957 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне

**міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат):

1) 1-баптың 14) тармақшасы "төлемдер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-баптың 2-тармақшасында "төлеу" деген сөзден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 18-баптың 2-тармақшасы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар төлеу бойынша берешектің сомасы";

4) 29-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы "төлемдер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 47-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында "төлемдер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар " деген сөздермен толықтырылсын;

6) 75-баптың 5-тармағы "төлемдер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 8 0 - б а п т а :

1-тармақта "бойынша" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар төлеу жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармағы "төлемдер" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат) :

1) 741-баптағы "және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң актісінде" деген сөздер "және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы заң актілерінде" деген сөздермен аустырылсын;

2) 742-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екінші кезекте клиенттің міндettі зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және міндettі әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндettемелері бойынша, сондай-ақ еңбек шарты, оның ішінде келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және енбегіне ақы төлеу бойынша авторлық шарт жөніндегі сыйақы төлеу бойынша есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүргізіледі;".

3. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; 2001 ж., N 17-18, 241-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33 - құжат; N 17, 155 - құжат) :

1) мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:
"88-1-бап. Міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзы

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының кінесінен Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарында белгіленген мерзімдерде әлеуметтік төлемдердің төленбеуі - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмада дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың, заңды тұлғаның немесе оның лауазымды адамдарының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі міндеттің орындауы немесе тиісінше орындауы -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға немесе заңды тұлғаларға - аударылмаған (уақытылы аударылмаған) міндетті әлеуметтік аударымдар сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 570-баптың бірінші бөлігі "88 (үшінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 88-1 (екінші бөлікте)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 574-баптың бірінші бөлігіндегі "88-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздер "88 (екінші бөлігінде), 88-1 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК